

## **Қазақстан Республикасының газ көлігі саласы кейбір кәсіпорындарының ерекше шарттары мен конкурстық массасын сатудың тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 316 қаулысы

Ел экономикасының мұнай-газ секторындағы мемлекет мүддесін қорғау мақсатында және республика экономикасы үшін маңызды мәні бар "Интергаз Орталық Азия" ЖАҚ-пен жасалған 1997 жылғы 14 маусымдағы Ішкі және халықаралық газ көлігі жүйелері мен шаруашылық қызметі концессиясының шарты бойынша мемлекет міндеттемелерін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты, сондай-ақ "Қазақгаз", "Алаугаз", "Батыстрансгаз", "Ақтаутрансгаз", "Газтелеком", "Ақтөбетрансгаз", "Жайықтрансгаз", "Оралтрансгаз", "Қазақэнергияжөндеу", "Қазинтергаз" ашық акционерлік қоғамдары мен "Қостанайтрансгаз" мемлекеттік кәсіпорнының дәрменсіздігін назарға алып, "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазақгаз", "Алаугаз", "Батыстрансгаз", "Ақтаутрансгаз", "Газтелеком", "Ақтөбетрансгаз", "Жайықтрансгаз", "Оралтрансгаз", "Қазақэнергияжөндеу", "Қазинтергаз" ашық акционерлік қоғамдары мен "Қостанайтрансгаз" мемлекеттік кәсіпорнын (бұдан әрі - Кәсіпорындар) банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуді қамтамасыз етсін.

2. Сот Кәсіпорындарды банкрот деп тану туралы шешім шығарған жағдайда:

1) конкурстық массаны бірнеше лоттарға бөлуді;

2) 1997 жылғы 14 маусымдағы Ішкі және халықаралық газ көлігі жүйелері мен шаруашылық қызметі концессиясының шарты (бұдан әрі - Концессия шарты) бойынша концессияға берілген газ көлігі жүйесінің активтерінен негізгі лотты (негізгі лот) қ а л ы п т а с т ы р у д ы ;

3) Концессия шарты бойынша Қазақстан Республикасы қабылдаған барлық міндеттемелерді сақтауды, газ көлігі жүйесін пайдаланудың үздіксіздігін;

4) Негізгі лоттың ең төменгі құнын бірінші және екінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасынан, сондай-ақ әкімшілік шығындардан төмен болмайтындай;

5) конкурстық массаны сату жоспарын Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитетімен келісуді;

6) сатып алынған мүлікті пайдалану жөніндегі өндірістік бағдарламаны Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен келіскен

занды тұлғаларды негізгі лот бойынша сауда-саттыққа жіберуді қамтамасыз ететін ерекше шарттар мен конкурстық массаларды сату тәртібі белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ. Мәсімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК